Рөлдік ойын жаңа материалды меңгерудің, шығармашылық қабілеттерді бекітудің және дамытудың, жалпы оқу іскерліктерін қалыптастырудың кешенді тапсырмаларын шешуде пайдаланылады. Ол оқушыларға оқу материалын түсінуге және оқып-үйренуге мүмкіндік береді. Рөлдік ойындардың әлеуметтік мәні мынада - белгілі бір міндеттерді шешуде тек білім меңгертіліп қоймайды, сонымен қатар ұжымдық қарым-қатынас формалары да дамиды.

Рөлдік ойында бір уақытта үш іс-әрекет бірге іске асады, яғни сөйлеу, ойын, оқу іс-әрекеті. Оқушылар тұрғысынан алғанда, рөлдік ойын – белгілі бір рөлдер сомдалатын ойын іс-әрекеті. Ойынның оқу сипатын оқушылар жақсы түсіне бермейді. Мұғалім тұрғысынан алғанда, рөлдік ойын оқытудың диалогтық формасы ретінде қарастырылады. Мұғалім үшін ойынның мақсаты – оқушылардың сөйлеу дағдылары мен іскерліктерін қалыптастыру және дамыту. Рөлдік ойындардың ерекшелігі мен олардың сипаттамасын қарастырайық. Ең алдымен, рөлдік ойын оқушылардың кез келген рөлді сомдай алуы ретінде түсіндірілетіндігін нақтылап алуымыз керек. Рөлдік ойын сипатталады:

- қоршаған ортаға ерекше көзқарас (әр қатысушы бір уақытта шынайы әлемде және қиял әлемінде бола алады, бұл ойынның тартымдылығына ықпал етеді);

- қатысушылардың субъективті іс-әрекеті (әр қатысушы ойын барысында өзінің жеке қасиеттерін және өзінің «Менін» тек ойын барысында ғана емес, тұлғааралық қатынас жүйесінде де көрсетуге мүмкіндік алады);

- әлеуметтік маңызы бар іс-әрекет түрі (қатысушы, ішкі жан-дүниесіне және көңіл-күйіне қарамастан «ойнауға міндетті», ол ойыннан бас тарта алмайды, себебі талаптардың өзі пассивті қарым-қатынасты жоққа шығарады);

- сабақтарды меңгеру үдерісінің нақты шарттары (ойын қатысушыларына теориялық және практикалық білімді меңгеру міндеттелмейді, оны олар шынайы қарым-қатынас барысында еріксіз меңгереді).

Рөлдік ойын практикалық, білім берушілік, тәрбиелік мәні жағынан үлкен мүмкіндіктерге ие. Ол қарым-қатынас аясын кеңейтуге ықпал етеді. Бұл тілдік материалды алдын-ала меңгеруді және оқушылардың өз

пікірін айтуға мүмкіндік беретін дағдыларды дамытуды көздейді.

Рөлдік ойындардың мүмкіндіктері:

- рөлдік ойынды ең тиімді қарым-қатынас құралы деп есептеуге болады. Өйткені ол шынайы әлеммен байланыстыратын ең маңызды ерекшеліктерді қамтиды. Шынайы өмірде қарым-қатынас қалай өрбісе, рөлдік ойында да тура солай көрініс алады. Ойынға қатысушылардың тілдік және тілдік емес қарым-қатынасы бірдей дәрежеде көрініс береді. Сондықтан да психолог В.А. Артемов шет тілін оқытуда «театрдан үйрену керек» деп ұсыныс жасады.

- рөлдік ойын мотивациялық тұрғыдан үлкен мүмкіндіктерге ие. Қарым-қатынас мотивсіз мүмкін емес. Алайда, оқу үдерісінде оқушылардың сөйлеу мотивін оятуға жай қарауға болмайды. Бұл жердегі басты қиындық мынада: мұғалім ситуацияны оқушылардың өз ойын білдіруге ұмтылысын оятатындай етіп жеткізе білуі керек. Шет тілдік қарым-қатынаста оқушылардың айтқысы келіп тұрғандарын жеткізе алуы маңызды. Нақты белгіленген жобаланған жағдай жалпы мотивациялық фонды құрады, ал оқушы алатын нақты рөл оның субъективті мотивінің оянуына ықпал етеді.

- рөлдік ойын барлық істі бірігіп істеу, яғни ынтымақтастықты дамытуды көздейді. Оқушы өзіндік «Мені» арқылы болмаса да, рөлдік «Мені» арқылы ситуацияға кіреді. Оқушының рөлді толығымен сезінуі оның эмоционалды статусын арттыратыны түсінікті. Бұл өз кезегінде, шетел тілін меңгеруге оң ықпал етеді.

- рөлдік ойын қарым-қатынасын яасын кеңейтуге ықпал етеді. Жаттығуда тілдік материалдарды алдын-ала меңгерту көзделеді және дұрыс сөйлеуге, ойын нақты жеткізуге ықпал ететін дағдыларын дамытады. Сондықтан да рөлдік ойынға тақырыппен жұмыс істеудің барлық кезеңдерінде көңіл бөлінуі тиіс.

- рөлдік ойын ынтымақтастық пен серіктестікті қалыптастыруға ықпал етеді.

Дұрыс ұйымдастырылған ойын ұйымшыл ұжымды құруға, ұжымды тәбиелеуге ықпалын тигізеді.

Этюдтарды орындау оқушылар тобын қамтуды көздейді (рөлдік ойын тек диалог ретінде ғана емес, полиглот ретінде де құрылады). Бұл жерде оқушылар бірігіп әрекет жасайды, бір-бірінің реакциясын түсінеді, бір-біріне көмектеседі. Рөлдерде бөлуде оқушылардың тілдік қабілеттерімен қатар актерлік мүмкіндіктерін де ескеру қажет. Себебі, біріне вербалды рөлді, енді біріне паномимикалық рөлді, келесілеріне «суфлер» рөлін беруге болады. Сонымен бірге ситуацияға сәйкес дұрыс таңдалған жест, сөзсіз әрекет труппа тарапынан мақтауға ие болады. Нәтижесінде

дайындығы әлсіз оқушыларға жасқаншықты, ұялшақтықты жоюға тырысады және рөлдік ойынға толығымен енеді.

- рөлдік ойын білім берушілік мәнге де ие. Оқушылар өте қарапайым тұрғыда болса да театр технологиясымен танысады. Мұғалім оқушыларды қарапайым реквизиттер туралы ойлауға итермелейді. Әр ойластырылған сәт мақтауға ие болады, мұндай мүмкіндіктер оқу үдерісінде өте аз кездеседі. Ойынды қайта ойластыру психологиялық диапазонның кеңеюіне, басқа адамдарды түсінуіне ықпал етеді (4).

- рөлдік ойын тілдік материалды меңгеруде ассоциативті базаның кезеңіне ықпал етеді. Оқу қойылымы театрлық қойылым ретінде құрылатындығын ескергеніміз жөн. Бұл жерде ойын барысы, ойынға қатысушылардың мінез-құлқы, олардың қарым-қатынасы сипатталады. Сондықтан да әрбір реплика ситуацияны жандандыратындай, оған қайталанбас, ерекше түр беретіндей етіп ойластырылуы керек. Ол үшін тілдік материал ситуациямен ассоциативті тұрғыда байланыстырылуы керек, сонда ғана материал есте ұзақ сақталады. Реплика кезіндегі эмоциялар ситуациямен тікелей байланыса және есте сақтауға жағымды жағдайды құра отырып, оның шынайы табиғи мән-мағынасын аша түседі.

Осындай сипаттамаларға сәйкес рөлдік ойындардың шынайы өмірмен байланыстындығына көз жеткізуге болады. Тек бір айырмашылығы рөлдік ойын – адамдардың шынайы практикалық іс-әрекетін ойынға қатысушылардың шартты түрде сомдауы.

Рөлдік ойын оқыту құралы болу үшін оқу міндеттерін, оқушылардың жеке-дара ерекшеліктерін және олардың қажеттіліктерін ескере отырып бірнеше талаптарға сәйкес келуі керек. Қарым-қатынасты рөлдік тұрғыдан ұйымдастыруда оқушылардың, жеке тұлғаның өзі қалайтын рөліне сәйкес келетін қатынасты талап етеді. Сол себепті рөлдерді бөлу педагогикалық міндеттердің бірі болып табылады. Оқушылардың мотивтерін, қызығушылықтарын, жеке көзқарастарын білу мұғалімге тұлғаның ерекшеліктеріне сәйкес келетін рөлдерді ұсынуына мүмкіндік береді. Рөлдерді бөлуде оқушылардың қызығушылықтарын ескеріп қана қоймай, олардың психологиялық ерекшеліктерін де ескерген маңызды. Рөлдік ойындардың алғашқы кезеңінде оқушыларға олардың темпераментіне сәйкес келетін рөлдерді берген дұрыс. Ұялшақтықты, жасқаншықты жеңуді оқушылар рөлдік ойынға үйреніскен кезде, өзіне деген сенімділігі оянған кезде бастауға болады.

Рөлдерді бөлуде оқушылардың әлеуметтік-психологиялық ерекшеліктерін ескепке алу маңызды орын алады. Сондықтан да мұғалім ойын барысында оқушыларды бір рөлден екінші рөлге саналы түрде ауыстырып отыру керек. Осы тұпғыдан алған мұғалім оқушыларды

біртіндеп көшбасшылық рөлге итермелеп отырғаны жөн. Әсіресе, мұғалім ұжымда аса белсенді емес оқушыларға рөлді таңдауда мұқият болғаны дұрыс. Мұндай оқушылар жағымды кейіпкердің рөлін алуы керек.

Рөлмен жұмыс жасау әрүрлі оқушыда әртүрлі өтеді. Дайындықтың жеке, топтық ұжымдық формаларын қолданға болады. Бұл формалардың әрқайсысының дербес дидактикалық құндылығы бар. Аталған формалар сыныптық, сыныптан тыс, оқу және тәрбиелік жұмыстарды байланыстырады.

Қорыта келгенде рөлдік ойын қарым-қатынасты дамытуға көмектеседі, жинақталған тәжірибені жеткізуге, жаңа білімді игеруге, әрекетке дұрыс баға беруге, коммуникативтік дағдыларды, есте сақтауды, ойлауды, қиялды, эмоцияны дамытуға, сонымен қатар ұжымшылдық, белсенділік, тәртіптілік, құрмет сияқты қасиеттерді дамытуға ықпал етеді. Рөлдік ойындар үлкен әдістемелік құндылыққа ие, оқушылар үшін де мұғалімге де қызықты болып табылады.

ЛИТЕРАТУРА

- 1 Анিকেева Н.П. Воспитание игрой/ Н.П. Анкеева. – М.: Знание, 1987. – 204с.
- 2 Арустанянц Е.С. Проблемы интенсификации обучения иностранному языку средней школы /Е.С. Арустанянц. – М.: Высшая школы, 1989.-115с.
- 3 Денисова Л.Г. К проблеме концепции интенсивного курса в условиях средней школы /Л.Г. Денисова//Иностр.языки в школе. – 1991.-№6. – С. 69-70
- 4 Китайгородская Г.А. Методические основы интенсивного обучения иностранным языкам /Г.А. Китайгородская // Иностр.языки в школе. – 1988. -№6. – С. 27

ФОРМИРОВАНИЕ КОММУНИКАТИВНОЙ КОМПЕТЕНЦИИ ШКОЛЬНИКОВ В АНГЛИЙСКОМ ЯЗЫКЕ СРЕДСТВАМИ РОЛЕВЫХ ИГР

Абдрахман А.С.¹

¹магистрант, КазУМОиМЯ им. Абылай хана
Алматы, Казахстан, e-mail: iherro5@mail.ru

Ролевая игра помогает общению, способствует передаче накопленного опыта, усвоению новых знаний, правильной оценке действий, развитию коммуникативных навыков, памяти, мышления, воображения, эмоций, таких качеств, как коллективизм, активность, дисциплинированность, уважение. Кроме того, что ролевые игры имеют огромную методическую ценность, они интересны как учащимся, так и учителю.

Ключевые слова: игры, ролевая игра, технология ролевой игры, компетенция, коммуникативные компетенции, ролевые отношения, ролевая действительность, иностранный язык

Статья поступила 26.04.2019

USING COMPUTER GAMES IN THE FORMATION OF FOREIGN LANGUAGE SPEECH ACTIVITY OF YOUNGER SCHOOLBOYS

Urazkhan B.E. ¹

¹master, KazUIRandWL named after Ablai Khan
Almaty, Kazakhstan, e-mail: happy_515@mail.ru

The computer game is most adequate in solving problematic educational tasks. Its consistent and systematic development allows us to bring together the methodology of educational activities with the methodology of creativity, which gives students the opportunity to master not only educational material, but also the technology of working with computers. In order for a computer game to become an effective means of forming a foreign language speech activity of a primary school student, it is necessary to use it when learning English already in primary classes.

Keywords: games, computer games, didactic games, foreign language speech activity, English language, language environment.

ӘӨЖ 371.38

FTAMP 14.25.05

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ШЕТТІЛДЕ СӨЙЛЕУ ӘРЕКЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДА КОМПЬЮТЕРЛІК ОЙЫНДАРДЫ ПАЙДАЛАНУ

Уразхан Б.Е. ¹

¹магистрант, Абылай хан атындағы ҚазХҚжәне ӘТУ
Алматы, Қазақстан, e-mail: happy_515@mail.ru

Компьютерлік ойын проблемалық оқу-танымдық міндеттерді шешуге барынша лайықты. Оны бірізді және жүйелі меңгеру оқу іс-әрекетінің әдіснамасын шығармашылық әдіснамасына жақындатуға мүмкіндік береді, бұл оқушыларға оқу материалын меңгертіп қана қоймай, компьютермен жұмыс істеу технологиясын меңгеруге мүмкіндік береді. Компьютерлік ойын бастауыш сынып оқушыларының шеттілдік сөйлеу әрекетін қалыптастырудың тиімді құралы болу үшін оны бастауыш мектепте ағылшын тілін үйрену кезінде пайдалану қажет.

Тірек сөздер: ойындар, компьютерлік ойын, дидактикалық ойындар, шеттілдік сөйлеу іс-әрекеті, ағылшын тілі, тілдік орта.

Компьютерлік ойындарды оқу процесінде пайдаланудың мазмұнды артықшылықтары қиындығына байланысты қолжетімсіз болатын педагогикалық құралдардың көрнекілігіне назар аударудан көрініс табады. Мысалы, мұғалімге суретті сапалы әрі, тез салу немесе кесте, диаграмманы құру қиынға соғады. Ал компьютердің көмегімен бұны жасау оңайырық. Оқу материалы уақытты үнемдеуге және студенттердің назарын аударып, берілген мәліметті тез қабылдауға көмектеседі.

Қазіргі кезде оқу үдерісінде пайдаланылатын әртүрлі компьютерлік ойындар бар, оларға имитациялық, іскерлік, рөлдік және тағыда басқа ойындарды жатқызуға болады. Бірқатар зерттеулерде (В.П.Велихов, В.В.Рубцов) оқу процесін белсендіру құралы ретіндегі компьютерлік ойындардың рөлі көрсетілген, сонымен қатар ойлау

процесін дамыту жолдары және оқу үдерісіндегі логикалық және бейнелік өзара байланыстары (Б.В.Ульянов, В.А.Урнов, А.Д.Урсул) анықталған, оқушылардың танымдық белсенділіктері мен оқу дербестігін қалыптастыру құралы ретіндегі компьютерлік ойындардың дамытушылық функциялары (В.А.Калмыкова, Г.Р.Корабейников, Н.А.Ким, А.В.Паращин, П.С.Сафьянинов) ашып көрсетілген, оқушылардың шығармашылық іскерлігін қалыптастыру жолдары (И.Г.Белавина, Б.Гейтс, С.Пейперт және т.б.) нақтыланған.

Бастауыш сыныптардың ағылшын тілі сабақтарында компьютерлік ойындарды пайдалану жаңа формаларды іздеу арқылы оқу үдерісін жетілдірудің қажеттілігімен байланысты. Оқу үдерісіне компьютерлік ойындарды енгізу – оқытудағы компьютерлік ойындарды құрудағы, зерттеудегі және пайдаланыдағы жүйелілік әдіс. Компьютерлік ойындардың мәні оның негізгі дидактикалық ерекшеліктерін талдау кезінде айқын көрінеді:

1. Компьютерлік ойын проблемалық оқу тапсырмаларына бағытталады, оны шешу барысында компьютер зерттеу жүргізудің қажетті құралы болып табылады;

2. Білім беру моделінің барлық қасиеттеріне ие және ақпарат көзі бола отырып, компьютерлік ойын компьютер көмегімен жүзеге асырылатын іс-әрекет объектісінің ролін атқарады;

3. Компьютерлік ойын оқушылардың оқу материалын терең түсінуіне, сонымен қатар, уақытты үнемдеуге және қызығушылықты арттыруға мүмкіндік береді.

Оқушы өз тәжірибесінің негізінде іс-әрекеттерінің нәтижесі қандай болатынын білуге тырысады және алынған мәліметтердің маңыздылығы туралы қорытынды жасайды. Бұл оқу үдерісінің белсенділігін арттырады.

Компьютерлік ойынның мәнін және оның бастауыш сынып оқушыларының өзін-өзі дамытудағы ролін түсіну оның кейбір аспектілерін рефлексия тұрғысынан қарастыруға ықпал етеді:

- шығармашылық ойлау объективті-мазмұнды, объективті-мәнді сипаттағы қарама-қайшылықтарды қамтитын проблемалық-қақтығыстық ситуация аясында жүзеге асырылады;

- ойын қатысушыларын белсендіру дайын шешімдері жоқ немесе оларды іздеу қиындық тудыратын мәселелерді шешу қажеттілігін олардың алдына қою арқылы іске асады;

- интеллектуалды-танымдық кедергілерді жеңу жеке мәселе ретінде көрініс табады, өзін-өзі жетілдіруге, меңгерілген білімді қайта қарауға және қайта бағалауға қажеттілік артады;

- ойын барысында қатысушылардың өзара әрекеттестігі жетіле

түседі, олардың коммуникативті біліктілігі кеңейді.

Бастауыш сынып оқушыларының білім беру үдерісіндегі компьютерлік ойын – әлеуметтік және жеке мәнді міндеттер қатарын шешуге ықпал етеді:

1. *дидактикалық*: танымдық қызығушылықты қалыптастыру, жалпы оқу іскерліктері мен дағдыларын дамыту;

2. *тәрбиелік*: дербестікті және ерік-жігерді тәрбиелеу, адамгершілік, эстетикалық және идеологиялық көзқарастарды қалыптастыру, ынтымақтастықты, ұжымшылдықты тәрбиелеу;

3. *дамытушылық*: зейін, ес, ойлау, сөйлеуді дамыту, салыстыру, талдау, баламасын табу іскерліктерін қалыптастыру, қиялды, шығармашылық қабілетті, оңтайлы шешімдерді табу іскерлігін дамыту, оқуға деген моивацияны арттыру;

4. *әлеуметтік*: қоғамның нормалары мен құндылықтарымен таныстыру, заманауи ақпараттық орта жағдайларына бейімдеу, өзін-өзі бақылау және өзін-өзі реттеу дағдыларын меңгеру.

Бастауыш мектепте жетекші іс-әрекет ойыннан оқуға ауысады. Мұндай өзгерістер көптеген оқушыларға қиындық тудырады. Сондықтан да оқу процесінде компьютерлік ойындарды пайдалану оқу іс-әрекеті мен ойын іс-әрекетін ұштастыруға мүмкіндік береді және оқу процесін қызықты ете отырып, жетекші іс-әрекетке оңай ауысуға болады.

Бастауыш сыныптарда ағылшын тілі сабақтарында компьютерлік ойындарды пайдалану әрбір қатысушысының қарқынды дамуын қамтамасыз етеді, оның жаңа білімдерімен, іскерліктерімен, дағдыларымен байытады және олардың сөйлеу қызметін жетілдіреді.

Компьютердің графикалық, дыбыстық және интерактивті мүмкіндіктерін пайдалану оқушының мақсатты дамуына ықпал ете отырып, сабақта эмоциональды, жағымды ахуалды туғызады.

Оқу үдерісіне компьютерлік технологияны енгізу бастауыш сынып оқушыларының ойлау іс-әрекетінің сапалы өзгерісіне алып келеді. Олардың қатарына мыналарды жатқызуға болады: а) дербес ойлаудағы өзгерістер, атап айтар болсақ, ойлаудың логикалық құрылымының дамуы; б) тиімсіз жодарды бұғаттау; в) эмоционалдық саланың жұтаңдануы, өйткені рационалды таным мен эмоциялық сезім өзара қарым-қатынаста көрінеді.

Оқу үдерісінде компьютерлік ойындардың пайдаланудың артықшылықтары барлық ғалымдар қолдай берсейді. С.А. Шмаков бұл жағдайды «ойынды оқу құралы ретінде пайдалану идеясын қабылдамайды, ойындардың оқу және сабақтан тыс іс-әрекеттерде қолданылмайды» деп түсіндіреді [1].

Компьютердің көптеген оқу құралдарынан басты айырмашылығы – оқушылар жұмысын реттеуге мүмкіндік беретін кері байланыстың болуы.

Компьютерлік бағдарламалар оқушыларға оқу материалының мазмұнын таңдауға және оқушылардың оқу іс-әрекетін бақылауға мүмкіндік береді.

Оқу үдерісінде компьютер объект ретінде де, оқу құралы ретінде де жұмыс істей алады. Соңғы жағдайда оқытудың тиімділігін арттырудың құралы болып табылады. Графика, түс, анимация сияқты компьютерлік мүмкіндіктер модельдер жасауға және бақылауда қиындық тудыратын құбылыстарды көрсетуге мүмкіндік береді.

Компьютердің ең маңызды артықшылығы – оқушылардың қабілеттері мен қызығушылықтарына сәйкес оқу материалын реттеуден тұрады. Кез-келген оқыту жүйесін өңдеу және пайдалану, ең алдымен, оқытуды даралаудың аспектісінде қарастырылуы керек. Демек, оқытуда компьютерді нәтижелі пайдаланудың бірі оны оқушылардың оқу іс-әрекетін басқару құралы ретінде пайдалану болып табылады.

Компьютерлік ойындар (КО) қызықты және әртүрлі формада оқуға мүмкіндік беретін тиімді құрал болып табылады. Компьютерлік ойындар арасында шеберлік ойындары; құмар ойындар; логикалық ойындар; дидактикалық ойындар ерекшеленеді.

Ойыншылардың іс-әрекетіне байланысты ойындарды бірнеше түрге бөлуге болады:

- репродуктивті компьютерлік ойындар, ойынның бұл түрінде оқушылар өздеріне белгілі ақпаратты қайта жаңғыртады, құбылыстарды танып біледі, еске түсіреді, ойын әрекеттерін пайдалана отырып, ойлап табады немесе оймен болжайды (сөзжұмбақтар, ребустар, жұмбақтар, мозаикалар);

- манипуляциялық компьютерлік ойындар, мұнда ойыншылар белгілі бір схемаға, алгоритмге сәйкес іс-әрекеттер жасайды, мұндай ойындар арқылы (домино, дойбы, лото) оқушының дағдылары қалыптасады;

- эвристикалық компьютерлік ойындар, онда студенттер өздерінің жеке шешімдерін шығарады, белгілі алгоритмдерді біріктіре немесе субъективті жаңа нәрсе жасай отырып, өздерінің алгоритмдерін құрады. Бұл ойындарда тек логикалық шешімдер ғана шығарылып қоймайды, сонымен қатар бастапқы ойға қайта оралу және рефлексия әдістері іске асады. Соңғы нәтиже белгілі (зерттеу ойындары, модельдеу, рөлдік ойындар, іскерлік және логикалық ойындар);

- шығармашылық компьютерлік ойындар, бұл ойындағы іс-әрекеттің ерекшелігі, негізгі нәтиже белгісіз, ойын тапсырмаларын шешуге дайын

құралдар жоқ, көптеген шешімдер бар.

Компьютерлік ойындар ойыншылардың белгілі бір білімін, дағдысын, қабілетін дамытуға бағытталған. Оларға мыналар жатады:

- басқару құралдарын меңгеру, манипуляциялардың жылдамдығы мен дәлдігі, болып жатқан оқиғаларға дұрыс көзқараспен қарау;
- уақытты сезіну, белгіленген уақыт аралығына шыдау іскерлігі;
- бір уақытта бірнеше объектіні бақылау мүмкіндігі, ойын аймағының географиясын, ойын әлемінің заңдарын білу;
- ойында көрініс табатын белгілі бір пән аймағын білу;
- заңдылықтарды іздеу, жеңу үшін алгоритм және стратегия құру іскерлігі;
- негізгі нұсқаларды барынша тез және толық табу қабілеті;
- ағымдағы оқиғаларды еске сақтау және ойынның алдыңғы сеанстарынан өткен тәжірибені пайдалану;
- ойын сеансы кезінде қарқынды жұмыс істеу қабілеті [2].

Әртүрлі компьютерлік ойын бағдарламаларында әртүрлі қасиеттер талап етіледі. Компьютерлік ойындардың тартымдылығы келесі факторлармен анықталады: қызықты сценарийі; сыртқы безендірілуі; жеңілдігі; ойынның шексіздігі; көптеген стратегиялардың болуы; ойын ситуацияларының әртүрлілігі.

Компьютерлік ойындарды жүзеге асыру тәсілдерін әртүрлі белгілер арқылы жіктеуге болады:

- дискретті ойындар;
- антагонисттік және антагонисттік емес ойындар;
- соңғы және шексіз;
- кездейсоқ оқиғалармен немесе детерминдірілген;
- бір, екі немесе одан да көп қатысушылар үшін;
- әртүрлі қиындықтағы ойындар.

Ең көп таралған компьютерлік ойын - екі қатысушы үшін біртіндеп (оның бірі компьютер болып табылады) қадамдық, шектік, детерминдік ойындар.

Білім алуға қажетті осындай ортаны құра отырып, дидактикалық компьютерлік ойындар мотивацияны арттырады, оқушылардың шығармашылық ойлауын ынталандырады. Егер оқытудың мақсаты - белгілі бір шеберлікті дамыту болса, онда дидактикалық ойын әдеттегідей нәтижеге қол жеткізуге мүмкіндік беретін тренажер ретінде құрылады. Оқушыға оқылатын тақырыптың өмірмен байланысын меңгертуге көмектесетін сюжетті таңдау дидактикалық ойындардағы маңызды талап ретінде қалады, алайда бірінші орынға жоғары нәтижеге жету мүмкіндігі шығады. Мысалы, көбейту кестесіне сәйкес тренажерге қызығушылық

«бастаушыдан» «сарапшыға» дейін енгізілген деңгейге байланысты сақталады, сондықтан осы күнге дейін өз шеберлігі деңгейін қорғауға қызығушылық танытатын адамдарды көруге тура келеді.

Кез-келген компьютерлік ойындарда ережелер мен рөлдер, белгілі бір сюжеттер мен ойын әрекеттері бар, ойынға қатысушылардың алдында ойын мақсаттары қойылады, олар ерекше эмоционалды ойын күйінде болады. Ойын мақсаттарына дидактикалық мақсатпен бір уақытта қол жеткізуді көздейді.

Дидактиктер мен әдіскерлер компьютерлік оқыту ойындарын ұйымдастыру және пайдалану бойынша талаптарды әзірледі:

1) ойынның мақсаттылығы, оның тиімділігі;

2) ойынның басқа құралдармен үйлесуі;

3) зерттелетін материалдың ерекшеліктерін ғана емес, сонымен қатар тыңдаушылардың ерекшеліктерін: санын, дайындық деңгейін, ұжымның және оның әр мүшесінің психологиялық ерекшеліктерін есепке алу;

4) бірегейлік және қарапайымдылық;

5) белгілі бір дидактикалық мақсаттарға жетуге бағытталған;

6) бағалау жүйесінің негізділігі (қатысушы ретінде және ойын нәтижелері);

7) динамикалық, эмоциялық тартымдылық;

8) ойынның барысын және оның нәтижелерін талқылау;

9) мақсатқа қол жеткізу диагностикасын өткізу [3].

Дидактикалық компьютерлік ойындарды басқару объектісі оқыту болып табылады, ал мақсаты Компьютерлік ойындарда оқыту басқару объектісіне айналады, ал мақсаты - белгілі бір дағдыларды игеру және білімді меңгеру. Мұғалімге бастауыш сынып оқушыларымен жұмыс істеу кезінде нәтижелі қолданылатын оқытудың ойын формасының маңызы мен жоғары тиімділігі жақсы таныс.

Дидактикалық компьютерлік ойындар әдетте, білім мен іскерліктерді бақылау кезеңінде, қорытынды қайталау барысында қолданылады .

Біз компьютерлік ойындарды бастауыш мектепте ағылшын тілі сабағында шеттілдік сөйлеу әрекетін қалыптастыру процесінде қолданылатын әрекеттік құрал ретінде қарастырамыз. Компьютердік ойындарды пайдалану ақыл-ой әрекетінің жаңа стилін қалыптастырады.

Жоғарыда айтылғандардың негізінде компьютерлік ойын - оның компьютерлік модель арқылы оқу-танымдық тапсырмаларды шешу стратегиясы деген қорытынды жасауға болады. Компьютерлік ойын проблемалық оқу-танымдық міндеттерді шешуге барынша лайықты. Оны бірізді және жүйелі меңгеру оқу іс-әрекетінің әдіснамасын шығармашылық әдіснамасына жақындатуға мүмкіндік береді, бұл оқушыларға оқу материалын меңгертіп қана қоймай, компьютермен

жұмыс істеу технологиясын меңгеруге мүмкіндік береді.

Жоғарыда келтірілген талдау компьютерлік ойынды оқытудың тиімді құралы ретінде пайдалану жағымды мотивация және тұрақты қызығушылық, тілдік орта, ойынның қызықтылығы мен қол жетімділік шарттарын сақтауда тиімді деген қорытынды жасауға болады. Компьютерлік ойындарды пайдалану – ойын және оқу іс-әрекеттерін біріктіру ғана емес, сонымен қатар тұлғаны қалыптастыру процесін нақты ұйымдастыру. Компьютерлік ойын бастауыш сынып оқушыларының шеттілдік сөйлеу әрекетін қалыптастырудың тиімді құралы болу үшін оны бастауыш мектепте ағылшын тілін үйрену кезінде пайдалану қажет.

ИСПОЛЬЗОВАНИЕ КОМПЬЮТЕРНЫХ ИГР ПРИ ФОРМИРОВАНИИ ИНОЯЗЫЧНОЙ РЕЧЕВОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ МЛАДШИХ ШКОЛЬНИКОВ

Уразхан Б.Е.¹

¹магистрант, КазУМОиМЯ им.Абылай хана
Алматы, Казахстан, e-mail: happy_515@mail.ru

Компьютерная игра наиболее адекватна при решении проблемных учебно-познавательных задач. Ее последовательное и систематическое освоение позволяет сблизить методологию учебной деятельности с методологией творчества, что дает учащимся возможность осваивать не только учебный материал, но и саму технологию работы с компьютером. Для того, чтобы компьютерная игра стала эффективным средством формирования иноязычной речевой деятельности младшего школьного необходимо ее использовать при изучении английского языка уже в начальных классах.

Ключевые слова: игры, компьютерные игры, дидактические игры, иноязычная речевая деятельность, английский язык, языковая среда.

ӘДЕБИЕТ

1. Шмаков С.А. Игра и дети. - М.: Знание, 1999. – 126 с.
2. Шапкин С.А. Компьютерная игра: новая область психологических исследований //Психологический журнал. – 1999. - №1. – С.86-102.
3. Гельфан Е.М., Шмаков С.А. От игры к самовоспитанию. - М.: Педагогика, 1991. – 97 с.

Статья поступила 23.04.2019

FEATURES OF VOCATIONAL ORIENTATION OF LEARNERS IN THE CONTEXT OF PROFILE TRAINING

Urtanova N.S.¹

¹master, Kazakh Ablai Khan UIRandWL, Almaty, Kazakhstan
e-mail: naz-095@bk.ru

The article is devoted to the study of methodological foundations to the organization of vocational guidance work in the school in the framework of the implementation of profile training for high school students. Through the literary analysis of the work of competent experts in this field, the author determined that profile education is a complex systemic

pedagogical phenomenon in its content, functions, characteristics, subjects of activity. In this regard, it is found that it needs and is currently in the stage of active theoretical and empirical research aimed at definitive elaboration of the problems of pedagogical theory and practice, understanding of its goals and content, generalization of the basic forms of realization.

Keywords: vocational orientation, general educational institution, students, consolidation of didactic units, senior pupils, profile training, vocational guidance work.

ӨӘЖ 1174
FTAMP 14.25.07

ПРОФИЛЬДІ ОҚЫТУ ЖАҒДАЙЫНДА ОҚУШЫЛАРҒА КӘСІБИ БАҒДАР БЕРУДІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Үрғанова Н.С. ¹

¹магистрант, Абылай хан атындағы ҚазХК және ӨТУ
Алматы, Қазақстан, e-mail: naz-095@bk.ru

Мақала жоғары сынып оқушылары үшін мамандандырылған оқытуды енгізу шеңберінде мектепте кәсіптік бағдар беру жұмысын ұйымдастыруға арналған әдістемелік негіздерді зерттеуге арналған. Осы саладағы құзыретті мамандардың әдеби талдаулары арқылы автор мамандандырылған оқыту - мазмұны, функциялары, сипаттамалары, белгілері және қызмет субъектілері бойынша күрделі жүйелік педагогикалық құбылыс екендігін анықтайды. Осыған байланысты педагогикалық теория мен практиканың проблемаларын түпкілікті зерттеуге, оның мақсаттары мен мазмұнын түсінуге, іске асырудың негізгі нысандарын жалпылама жасауға бағытталған қазіргі кезеңде белсенді теориялық және эмпирикалық зерттеулер кезеңінде қажет екендігі анықталды.

Тірек сөздер: кәсіптік бағдар, жалпы білім беру мекемесі, студенттер, дидактикалық бірліктерді шоғырландыру, жоғары сынып оқушылары, профильді оқыту, кәсіптік бағдар беру жұмысы.

Зерттеудің өзекті міндеті мамандандырылған білім беру жүйесінде жоғары сынып оқушыларын кәсіптік бағдарлауды қамтамасыз етудің рөлі мен әдіснамасын зерттеу болып табылады. Педагог ғалымдар Л.Х.Мажитова, Н.К.Елаев, П.Т. Мағзумов, А.П.Сейтешев, Н.Д. Хмель, Г.Қ.Нұрғалиева, Ш.Абдраман, Л.А.Жадраева, И.Ә.Әбеуова және т.б. зерттеулерінде жалпы білім беретін мектеп жағдайында оқушылардың кәсіби бағыттылығын қалыптастыру жолдары мәселелері көтеріліп, педагогтердің кәсіби бағдар беру жұмысының мазмұны, формалары мен әдістері анықталған [1,78 б.].

Бұл мақалада, көрсетілген белгілі құзыретті көздер негізінде, әдеби талдау жүргізілді, бұл қоғамдағы эмоционалдық бай жемісті еңбек студі ұйымдастыру, азаматтық қасиеттер мен жеке құндылықтарды қалыптастыруға әсер ететін, азаматтың қалыптасуының негізгі шарты болып табылатындығын анықтауға мүмкіндік берді.

Профильді оқыту қазіргі заманғы мектеп білімінің теориясы мен практикасының ең өзекті мәселелерінің бірі болып табылады. Қазақстан

Республикасының білім беру саласындағы заңнамасы осы мәселенің түрлі аспектілерімен айналысатын бірқатар концептуалды жәнәнормативтік-әдістемелік материалдарды мақұлдады. Бұл құжаттар проблеманы шешудің негізгі ұғымдары мен негізгі тәсілдерін: Профильді бағытын, мазмұнын таңдауды, орта мектептеоқу-тәрбие процесін ұйымдастыруды анықтайды [2, 154 б].

Профильді оқытуды енгізу ғалымдар, мұғалімдер, жалпы білім беру оқу мекемелерінің (ЖОМ) басшылары, барлық деңгейдегі мектептегі білімді басқарушылар арасында үлкен қызығушылық тудырды, бұл кәсіптік бағдар мәселелерін шешуге негізделген күшті инновациялық бағытты құруға әкелді. Өйткені біздің қоғам уақыт пен тұлғаның қажеттіліктерін қанағаттандыра алатын білім беру жүйесін құруға тырысады, сондықтан білім мазмұнын жәнәоның даму векторларын анықтау үшін жаңа тұжырымдамалық негіздерді іздейді. Білім беруді дамытудағы мемлекеттік саясаттың мақсаты - әрбір азаматтың жеке дамуы мен шығармашылық өзін-өзі жүзеге асыруы үшін жағдай жасау, өмір бойы тиімді жұмыс істей алатын жәнә қабілетті адамдардың ұрпағын тәрбиелеу болып табылады [3, 31 б].

Бүгінгі таңда қазіргі заманғы мектептегі білім әлі күнге дейін оқушылардың болашақ қажеттіліктеріне жеткілікті бейімделмеген. Сондықтан педагогикалық ғылыммен практиканың күші білім берудің потенциалды әлеуетіне, сондай-ақ адамның өзін-өзі анықтауға деген ерік-жігерін дамытуға бағытталған [4, 213 б].

Жалпы білім беру мектебі индивидуалды әр тараптандырылған дамытуды өзінің бейімділігі мен қабілеттерін анықтауға, құндылық бағдарларын қалыптастыруға, мүдделер мен қажеттіліктерді қанағаттандыруға жәнәеңбекке баулу арқылы оқушыларды оқытуға, мамандықты саналы таңдауға жәнәоны меңгеруге, олардың өмірі мен кәсібі өзін-өзі анықтауына жағдай жасайтын негізінде қамтамасыз етуге тиіс.

Мектептегі білім беруде бітіруші түлектерді өз бетімен өмірге тез бейімделе алатын, кәсіби жәнә жеке өлшемдерде, сондай-ақ қоғаммен мемлекеттің мүддесі үшін өз әлеуетін жүзегеасыруғамақсатты түрде пайдаланатындай жаңашаландырылу қажет. Профильді оқыту жоғары мектеп оқушыларының өз бетімен білімалуына, ғылыми практикалық дағдылар, тәжірибелік-ізденіс қызметін, интеллектуалды, психикалық, шығармашылық, моральдық, физикалық әлеуметтік қасиеттерді дамытуға, өзін-өзі тәрбиелеуге ұмтылуына бағытталуы керек [5, 121 б].

Осы міндеттерді жүзегеасыру жолдарын іздестіруді қазақстандық мұғалімдер оң тәжірибемен еңбектерді зерделей отырып, білім берудің

жаһандық тәжірибесінің міндеттері тұрғысынан жүзеге асырады. Еуропадаорта білім берудің кейбір аспектілеріне, атап айтқанда, ортамектепте білім берудің мәселелеріне тоқталайық. Жалпы орта білім берудің бірінші кезеңін сәтті аяқтаған оқушылар (Батыс Еуропаелдерінің көпшілігінде 15-16 жас аралығындағы жастар), болашақ оқу жолын өз еркімен таңдайды. Бұл жалпы орта білім беру мекемелері, кәсіптік білім беру, жоғары оқу орнына дейінгі дайындық, гимназиялар мен академиялық ұстанымдардың лицейлері болуы мүмкін.

Осы білім беру деңгейінде оқытуды жүзеге асыру түрлері әралуан болады: өндірісте жұмыспен қатар жартылай білімалу, қашықтықтан оқыту, жалпы білім беруде кәсіби біліктіліктерді қатар алу, ортамектепте білім беруді ұйымдастырудың модульдік тәсілі және т.б. Бұл және басқа да көрсетілген білім беру қызметтері Австрия, Ұлыбритания, Ирландия, Испания, Норвегия, Португалия, Финляндияға тән жоғары оқу орындарында кешен ретінде ұсынылуы мүмкін; Дания, Италия, Франция, Германия, Грецияның типтік мектептері арасында таратылуы мүмкін [6, 184-185 б].

Батыс Еуропаелдеріндегі орта мектепте оқуды ұйымдастыруғ аосындай әр түрлі көзқарас белгілі бір дәрежеде осы елдердің тарихи-мәдени ерекшеліктеріне және олардың білім беру жүйелеріне байланысты болып келеді. Сонымен қатар, шетелдік мамандар бұл тәсілден негізгіден кейінгі мектептегі білім беруді икемділікпен бейімделуін жәнетиісінше, қазіргі заманғы динамикалық жағдайда жаңғыртып дамытуды қамтамасыз етудің тиімді мүмкіндігін көреді. Еуропадағы жұмыс әлемімен тығыз байланысты орта білім бүгінгі күні қоғамның экономикалық және әлеуметтік дамуының факторы ретінде көбірек салмақ пен беделге ие болып отыр. Осыған қарамастан, жоғары сынып оқушыларының кәсіби дайындығы мен академиялық білімін және теориясы мен тәжірибесін біріктіретін оқу жоспарын әзірлеу мақсатында тиісті жоғары оқу орындарының, техникалық кәсіптік білім берудің ауқымды құрылымдық интеграциясы байқалуда [7, 109 б].

Қазақстан жастарының кәсіптік бағдарлауында әлеуметтік институттар маңызды рөл атқарады. Олардың қатарына жалпы орта білім берудің білім беру мекемелері жатады, оның негізгі міндеттері: тұлғалық-бағдарланған оқыту жәнетәрбиелеу, білім алу және қажетті білім жағдайларын қамтамасыз ету бағытында жеке құқықтарды қанағаттандыру болып табылады. Нақты жалпы білім беру мекемелерінде білім беру процесі адамның интеллектуалды, әлеуметтік және физикалық дамуына әкелуі тиіс танымдық және практикалық іс-әрекеттер арқылы табиғат, қоғам, адам, мәдениет және өндірісті жүйелі білуді меңгеруге

бағытталуы керек, жастардың өмірі мен болашақ кәсіби қызметі барысында білімалудың негізі болу қажет.

Бұл бағыттағы үлкен жетістіктерге белгілі қалмақ ғалым-педагогы, академик П.М. Эрдниев зор үлес қосқан болатын. Автор оқыту технологиясы ретінде «дидактикалық бірліктерді ірілендіру» (ДБІ) арнайы бірегей әдісін әзірледі. П.М. Эрдниев тәсілінің негізі сол, математика пәнін оқу үрдісінде мысал ете отырып, оқушыларға ақпарат беру технологиясын жетілдіру мәселесін шешеді:

1) «инь-янь» символы болып табылатын бір-біріне қарама-қарсы бағыттағы көрсеткілерді қосу арқылы аса ірі арнайы бірліктерге білімді бөлу;

2) білімнің белгілі бір бөлігін жедел және шығармашылық оқытуды жеңілдетуге көмектесетін ақпарат беру әдісін өзгерту, себебі кері математикалық есептерді шешумен қатар тікелей математикалық есептерді шешу тәртібі енгізіледі;

3) оқу материалдарын игеру уақытын қысқарту [8, 43 б].

Бұл тұрғыда әрекет етуші жалпы орта білімнің қазіргі әрекет етуші реттеуші жүйесі білім беруді әсіресе орта мектепте ұйымдастырудың жаңа тәсілдерін көздейді. Бұл, бірінші кезекте, оқушылардың жеке қасиеттерін, мүдделері мен қажеттіліктерін ескере отырып, сондай-ақ осы мекемелердің түлектерінің болашақ мамандықтары мен олардың еңбек нарығындағы бәсекеге қабілеттілігі үшін қоғамның қажеттіліктерін ескере отырып, оқу-тәрбие процесінің ұйымдастырылуын қамтамасыз ететін негізгі білім беру басымдықтары болып табылады.

Кәсіптік бағдарлаудың маңызды міндеттері оқушылардың әртүрлі жұмыс түрлеріне деген сүйіспеншілігін дамыту, өнімді жұмысқа жағдай жасау, практикада өздерінің дағдыларын сынақтан өткізу, оқушылардың мүдделерін, бейімділігін және қабілеттерін қалыптастыру мен дамыту, оларды жалпыға ортақ мамандықтармен және кәсіптермен таныстыру болып табылады [9, 42 б].

Қолданыстағы тәсілдер мен әдіснамаларды аналитикалық шолу осы зерттеудің мектептегі кәсіби бағдар беру схемасын қалыптастыруға мүмкіндік берді:

Дайындық кезеңі. Ол туғаннан бастап және баланы мектепте оқыту барысында жүзеге асырылады. Бұл сатыда кәсіби бағдарлау міндеті – әрбір жекелеген оқушының даралығын дамыту үшін байқау, сәйкестендіру, негіздеу және тиісті жағдайлар жасау. Олар баланы білім беру және еңбек қызметін әртүрлі нысандарына (әлеуметтік, спорттық және т.б.) қосу арқылы жүзеге асырылады.

Негізгі кезең. Осы кезеңде кәсіби бағдарға бағыттау міндеті - жоғары сынып оқушыларын болашақ мамандығын дербес және саналы таңдау үшін дайындау болып табылады. Кейбір міндеттер кәсіби өзін-өзі тануды жетілдірудің формалары мен әдістерінің жиынтығы арқылы жүзеге асырылады (барлық пәндер бойынша пәндерді оқытуды ұйымдастыруда ДБІ әдісін пайдаланып, жоғары сынып оқушылары арасында пәннің танылуын және қабылдауын, мамандықты таңдау негіздері бойынша мамандандырылған курс, болашақта кәсіби маңызды қасиеттерді дамытуға қажетті кәсіби кеңес беру, профильді оқыту және т.б.).

Анықтау кезеңі. Кәсіптік бағдар беру жұмысының нысандары мен әдістері кәсіптік білім беруді нақтылауда кәсіптік оқу мекемелерінің түлектері мен мектеп оқушыларына көмек көрсетуге бағытталған.

Соңғы кезең. Пішіндер мен әдістердің ерекшелігі түлектерге жұмыс табу және белгілі бір жұмыс орнындағы кәсіптік қызметтің жеке стилін қалыптастыруға көмектесу міндеттерімен анықталады. Бұл үдеріс кәсіптік өсу перспективаларының дамуымен аяқталады.

Әр кезеңде кәсіби бағдарлық бағыттағы жұмыстар нысандары маңызды орынға ие. Кәсіби бағдарлық бағыттаудың нысаны – кәсіби бағдар берушінің және кәсіптік өзін-өзі анықтау мәселесін алдын-ала белгіленген тәртіпте, орын мен ұйымдастырушылық тәртіпте шешетін адамның өзара іс-қимылын ұйымдастырудың тәсілі болып саналады. Кәсіптік бағдар беру формалары тұлғалардың құрамы мен саны, орналасу орны, жұмыс ұзақтығы және т.б. байланысты болып келеді.

Ұлттық білім беру жүйесінде жоғары сынып оқушыларының жалпы орта және кәсіптік білім беруін оқшаулау проблемасы бар, атап айтқанда, жалпы білім беру, кәсіптік-техникалық, мектептен тыс және басқа да білім беру мекемелері арасында кәсіптік бағдарларды қолдау мақсатында білім беру жүйесімен тығыз қарым-қатынас болмайды. Мәселе ЖОМ-де инженерлік-педагогикалық кадрлар жоқ, ғылыми-әдістемелік кешен және жеткілікті материалдық-техникалық база болмағандықтан қиындай түседі, бұл өз кезегінде оқушы жастармен кәсіптік бағдар беру жұмысының мақсаттары мен міндеттерін жүзеге асыруды қамтамасыз етуге кедергі келтіреді.

Мұндай жағдайларда жеке тұлғалық және қоғамдық мұқтаждықтармен үйлестірілген, атап айтқанда мамандандырылған оқытуды жүзеге асыратын, мұндай жоспарлар білім беру мекемесінің білім беру кеңістігінің шекарасын кеңейтетін, педагогикалық өзара әрекеттесуді жүзеге асыру үшін білім беру ортасы сияқты қосымша тиімді ресурстарды тарту болып табылады.

Кәсіптік бағдар беру жұмыстарын ұйымдастырудың осы бағыттағы өзгерісінің мәні, біздің ойымызша, жалпы білім беру кеңістігін, мектептен тыс және кәсіптік-техникалық мектептерде динамикалық кәсіптік бағдарлау моделін құру үшін жасалады.

Мұндай модель базалық ұяшықтардың (мектеп, мектепке дейінгі білім беру мекемесі, кәсіптік-техникалық оқу мекемесі, білім беру мекемесі және т.б.) білім беру ісінің мазмұнын жетілдіруге және жаңартуға, сондай-ақ жас оқушыларға кәсіби таңдауды ынталандыруға бағытталған идеяны жүзеге асырады.

Осылайша, оқушыларды оқытуды кәсібилендіру мәселесі көп қырлы болып табылады және әртүрлі бағыттар мен пішіндерде педагогикалық жобалау құралдарымен шешілуге тиіс, атап айтқанда:

- білім беру арқылы баланың білім беру құралдарын ерте таңдауының заманауи мәселелерін шешу, мектептен тыс білім беру жүйесін қалыптастыруды күшейту;

- өмірді жобалауға және кәсіби өзін-өзі анықтауға қол жеткізу арқылы шығармашылық әрекеттер арқылы оқушы жастарды әлеуметтендіру;

- мектептегі білім берудің жаңартылған мазмұны, оны дамытудың жаңа жолдарын айқындау;

- қоғамдағы орта білімнің рөлін арттыру, білім беру жүйесінде оның орындылығын мамандандырылған кәсіптік-техникалық білім беру және бастауыш кәсіптік білім беру мәселелерін шешу үшін анықтау.

Мектептегі кәсіптік бағдарлау жүйесінің басымдықтарын талдай отырып, ЖБМ мектептен тыс жалпы білім беру мекемесімен бірлесіп шығармашылық өзін-өзі тану арқылы оқушылардың кәсіби өзін-өзі анықтауда қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін жеткілікті білім беру ресурстарына ие болуы керек екенін атап өту маңызды.

Сондықтан, жоғары білім берудің сапалы мамандандырылған білім беру және кәсіби өзін-өзі анықтауы үшін білім беру кеңістігін құру үшін жалпы білім беру және мектептен тыс білім беру мекемелерінің өзара әрекеттесуі үшін білім беру жобасын енгізу аса өзекті болып келеді.

Сонымен қатар, өзін-өзі анықтау - бұл оқушылар үшін кәсіптік бағдар берудің негізі, сондай-ақ мақсатты педагогикалық әсер процесінде қалыптасатын мазмұнды анықтайды және әлеуметтік даму талаптары мен бағыттарына сәйкес кәсіптік оқыту мазмұны мен құрылымы туралы келісуге мүмкіндік береді. Оқу орындарының қызметі тұрғысында тағайындалған педагогикалық проблеманы шешудің нәтижесі - оқушылар үшін болашақ кәсіби жолды мақсатты жәнәмағыналы таңдау болып табылады.

ӘДЕБИЕТ

1. Акимова Т.Н., Лисицинская А.В. Профессиональная ориентация учащихся в школе как средство формирования личности выпускника //Национальная ассоциация ученых. - 2015. - № 9-1 (14). - С.40-42.
2. Власова Е.А., Шанин С.В. Профориентация как одно из направлений социально-педагогической деятельности со старшеклассниками //Вестник Саратовского областного института развития образования. - 2015. - № 2. - С.30-36.
3. Нұрғалиева Г.Қ., Құсайынов А. Қ., Мусин Қ. С.. Салыстырмалы педагогика. - Алматы: Рауан, - 1999. - 173 с.
4. Добош Е.Г. Практико-ориентированный подход в медиаобразовании учащихся школ как фактор профессиональной ориентации //Знак: проблемное поле медиаобразования. - 2017. - № 4 (26). - С.76-82.
5. Сейтешев А.П. Пути профессионального становления личности учащейся молодежи. - М.: Высш.шк., - 1988. - 336 с.
6. Станкевич А.В., Рубцов Е.И., Ансимов В.И., Медведев В.В., Кукушкин К.Е., Горбачева С.М. Формирование ценностных ориентаций старшеклассников в профессиональном обучении // Молодой ученый. - 2017. - № 34 (168). - С.120-123.
7. Хмель Н.Д. Педагогический процесс в общеобразовательной школе - Алма-Ата: Мектеп, - 1984. - 134 с.
8. Шамшукаева М.М. Профессиональная ориентация старшеклассников // Образование и воспитание. - 2017. - № 2 (12). - С.107-112.
9. Эрдниев П.М. Укрупнение дидактических единиц как технология обучения. - М.: Просвещение, - 1992. - 287 с.

ОСОБЕННОСТИ ПРОФЕССИОНАЛЬНОЙ ОРИЕНТАЦИИ УЧАЩИХСЯ В КОНТЕКСТЕ ЗАДАЧ ПРОФИЛЬНОГО ОБУЧЕНИЯ

Уртанова Н.С. ¹

¹магистр, КазУМОиМЯ им. Абылай хана
Алматы, Казахстан, e-mail: naz-095@bk.ru

Статья посвящена исследованию методологических основ к организации профориентационной работы в школе в рамках реализации профильного обучения старшеклассников. Посредством литературного анализа наработок компетентных специалистов данной сферы, автором определено, что профильное обучение является сложным системным педагогическим явлением по своему содержанию, функциям, характеристикам, признакам, субъектам деятельности.

Ключевые слова: профессиональная ориентация, общеобразовательное учреждение, студенты, объединение дидактических единиц, старшеклассники, профильное обучение, профориентационная работа.

Статья поступила 17.04.2019

Абылай хан атындағы ҚазХҚжәнеӘТУ
ХАБАРШЫСЫ
“ПЕДАГОГИКА ҒЫЛЫМДАРЫ” сериясы

ИЗВЕСТИЯ
КазУМОиМЯ имени Абылай хана
серия “ПЕДАГОГИЧЕСКИЕ НАУКИ”

BULLETIN
of Ablai khan KazUIRandWL
Series “PEDAGOGICAL SCIENCES”

2 (54) 2019
ISSN 2412-2149

e-mail: pedagoginyaz@mail.ru

Отпечатано в издательстве “Полилингва”

Директор издательства:
Есенгалиева Б.А.

Технический редактор, компьютерная верстка:
Кынырбеков Б.С.

Подписано в печать 14.06.2019 г.
Формат 70х90 1/8. Объем 14,5 п.л. Заказ № 826. Тираж 300 экз.
Отпечатано в издательстве «Полилингва»
КазУМОиМЯ имени Абылай хана



Издательство “Полилингва” КазУМОиМЯ имени Абылай хана
050022, г. Алматы, ул. Мурағбаева, 200
Тел.: +7 (727) 292-03-84, 292-03-85, вн. 24-09
E-mail: kazumo@ablaikhan.kz, ablaikhan@list.ru

